

2018 жылдағы сыртқы ғылыми ұйымдардың ғылыми іс-шараларына профессор-оқытушылар құрамының қатысуы

1. 2018 жылдың 16 ақпанында кафедра профессор-оқытушылар құрамы «Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында оқытудың белсенді әдістері» тақырыбында мастер-класс және Алматы қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде орыс тілі мен әдебиеті бойынша интеграцияланған сабақтарға қатысты Жумагулова Б.С., Амангелдиева А.Д., Нурбаева А.М.);

2. 2018 жылдың 20-26 сәуірінде Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық катынастар және әлем тілдері университетінде «Практические и теоретические аспекты коммуникации» атты дәріс курсының тыңдаушысы (оқытушы Г.Амангелдиева).

3. «Қазақстанның көптілділік білім беру жағдайында болашақ пән оқытушыларды тілдік даярлаудың құзыретті-коммуникативтік моделі» ғылыми жобасын жүзеге асыру, жүргізіліп отырған зерттеудің негізгі нәтижелерін апробациялау мақсатымен практикалық тілдері кафедрасының меңгерушісі, проф. Розалинда Шаханова, проф. Гүлмира Қажигалиева, филология ғылымдарының кандидаты, аталмыш кафедраның доценті Гүлмира Қадырова, фил.ғ.к., доцент Алмагүл Маймақова 2018 жылдың мамыр айының 11 және 18 аралығында Баку қаласына (Әзірбайжан) Әзірбайжан университетіне жіберілді. Аталмыш университеттің ұйымдастыруымен өткізілген «Тұрақты даму және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми конференция жұмысына қатысты. Іссапар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы ғылыми жобаны гранттық қаржыландыруға бөлінген қаражат есебінен жүзеге асырылды.